

<https://doi.org/10.54500/2790-1203-2023-118-23-26>

УДК 614; 614.2; 614.33

МРНТИ 76.75.75; 76.01.11

Сипаттамалы шолу

Озық тәжірибелі магистратуралық мейіргерлік оқыту

Нағашыбек Г.¹, Жунусова Д.К.², Дербисалина Г.А.³

¹ «Мейіргер ісі» мамандығының магистрі, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан.

E-mail: nagashevbe@gmail.com

² Дәлелді медицина курсы бар жалпы дәрігерлік тәжірибе кафедрасының доценті, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: dinarazhynusova@mail.ru

³ Дәлелді медицина курсы бар жалпы дәрігерлік тәжірибе кафедрасының меңгерушісі, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: derbissalina@gmail.com

Түйіндеме

Бүгінгі таңда мейіргерлерді APN оқыту магистрлық программасы кең етек алып, қарқынды даму үстінде. Бұл карьералық, сондай ақ өзіндік профессионалды дамуға үлкен мүмкіндік болып табылады.

Аталмыш бағдарламаның мейіргерлік іс саласындағы ғылыми жұмыстар мен сапалы дәлелді мейіргерлік зерттеулерді көбейтуде, мейіргерлердің кәсіби дағдыларының шыңдалуында, сонымен қатар, медициналық көмек көрсету барысында жеке автономды шешім қабылдап жұмыс атқаруға баулуда маңызы зор.

Бұл мақалада бүгінгі таңда қарқынды дамып келе жатқан, мейіргерлердің автономиясын кеңейту, сондай-ақ мейіргерлердің дәрежесін және медициналық көмектің сапасын арттыру мақсаттарында жаңа пайда болған озық тәжірибелі мейіргерлердің рөлі мен маңызы қарастырылған.

Түйін сөздер: озық тәжірибелі мейіргер, медициналық-санитариялық алғашқы көмек, білім беру.

Corresponding author: Nagashybek Gulzhaina, Master of "Nursing", Astana Medical University, Astana, Kazakhstan.
Postal code: Z10K8Y7
Address: Kazakhstan, Astana, Beibitshilik st., 49 a
Phone: +7 (7172) 53 94 47
E-mail: nagashevbe@gmail.com

2023; 118: 23-26
Received: 07-09-2023
Accepted: 21-09-2023



This work is licensed under a Creative Commons Attribution 4.0 International License

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемде медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) жүйелері созылмалы ауруы бар науқастардың көбеюі мен халықтың қартаюының ұлғаюына байланысты медициналық көмекке деген сұраныс артуда [1, 2]. Осы қиындықтарға қарсы тұру үшін МСАК қайта жаңартылып және көптеген елдер озық тәжірибелі мейіргерлердің (Advanced Practice Nurse) рөлін енгізіп, қарқынды дамытуда [3].

МСАК саласында озық тәжірибелі мейіргерлердің пайда болу сәтінен кейін, басқа да медициналық мекемелерге, сонымен қатар жедел жәрдем көмегі сияқты медициналық көмек көрсету деңгейлерінде де кеңінен тарады. Соңғы онжылдықта озық тәжірибелі мейіргерлердің жедел медициналық көмек пен қарқынды терапия тәжірибесінде үлкен дербестікке ие болды. Бұл кеңейтілген тәжірибе мейіргерлерге денсаулық сақтау мен қызмет көрсету тиімділігіне қол жеткізуді кеңейту үшін ғана емес, әдетте дәрігерлер орындайтын кейбір медициналық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді [4,5].

Жедел медициналық көмек сапасының басым көрсеткіштерінің бірі науқастың бөлімшеге түсу сәтінен бастап дәрігердің алғашқы тексеруіне дейінгі уақыт [6]. Көптеген шолулар озық тәжірибелі мейіргерлердің алғашқы көмекті дәрігерлер секілді уақытылы жедел көмек көрсетуге қабілетті екендіктерін көрсетті [7, 8]. Жедел жәрдем бөлімдеріне озық тәжірибелі мейіргерлерді қосу дәрігерлерге жағдайы күрделі науқастарға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік берді, осылайша жедел жәрдем мен медициналық көмекке қол жетімділікті артты [9].

Халықаралық мейіргерлер кеңесі (ағылш. International Council of Nurses (ICN)) озық тәжірибелі мейіргерлерді «эксперттік білім базасы бар, күрделі шешім қабылдау дағдыларын меңгеріп, контекст немесе сол білім алған ел қалыптастыратын кеңейтілген тәжірибе үшін клиникалық құзыреттілікті алған тіркелген мейіргер деген сипаттама берді. [10]. Озық тәжірибелі мейіргерлер үшін ең көп таралған рөлдер – мамандандырылған тәжірибе саласында терең білімі бар клиникалық мейіргер (ағылш. Clinical nurse specialist (CNS)) және науқастарды диагностикалау, тағайындау, емдеу және бағыттау бойынша кеңейтілген тәжірибесі бар мейіргер мамандарын атап өтуге болады (ағылш. Nurse practitioner (NP)) [11].

Озық тәжірибелі мейіргерлердің негізгі құзыреттері клиникалық тәжірибемен расталған

Озық тәжірибелі мейіргерлердің сипаттамасы

APN тәжірибесінің негізінде жатқан белгілі бір елдің кәсіби реттеуі мен саясатына байланысты жұмыс жасау ауқымдығы бақыланады, яғни сол елдің өзінің ережелеріне сәйкес APN жұмысы мен рөлінде сәл айырмашылықтар болуы мүмкін. Соған қарамастан озық тәжірибелі мейіргерлер:

- диагностикалық тестілеуге және терапевтік емдеуге тапсырыс беру құқығы;
- науқастарды басқа лабораториялық зерттеулерге және/немесе мамандарға жіберу құқығы;
- науқастарды ауруханаға қабылдау және шығару өкілеттіктері;
- заңнама жүзінде дәреже алу және қорғауда болуға құқықтарына ие бола алады. (ICN адаптацияланған, 2008) [19].

медициналық білімнің, теорияның және зерттеулердің тиісті тереңдігіне, кеңдігіне және ауқымына негізделген, сондай-ақ, науқастармен тікелей қарым-қатынас орнату арқылы, қолдаушы және кеңес беру рөлі арқылы клиникалық тәжірибеге бағытталған. APN мейіргерлер науқастың жедел жәрдем көмегіне қажеттіліктерін бағалауға жауап бере алады және зертханалық зерттеулер мен рентген тағайындауға құқылы. Сонымен қатар отбасылық денсаулық сақтау аясында аса қажет, мысалы, контрацептивтерді тағайындау және отбасын жоспарлау бойынша ұсыныстар беріп, клиникалық сарапшы болып ғана қоймай – зерттеулер жүргізуде, оқытуда, басқаруда, сапаны қамтамасыз етуде басты рөл атқарады [12]. Яғни озық тәжірибелі мейіргерлер кез-келген деңгейде жоғары сапада медициналық күтім көрсете алатын, ертүрлі клиникалық жағдайларда сапалық және сандық деректерді жинап, анализ жасай алатын, науқастарға қызмет көрсетуде ұйымдарды немесе жүйелерді жақсарту үшін зерттеуге негізделген инновацияларды анықтай және енгізе алатын, дәлелденген деректер негізінде қажетті әдістемелік ұсынымдар, программалар жасай алатын зерттеуші, сапаны жақсарту және тәуекелдерді басқару стратегияларын өзірлеу үшін денсаулық сақтау тобының мүшелерімен кеңесіп және бірлесіп жұмыс істей алатын лидерлік қабілеттері бар маман болып табылады [13].

Озық тәжірибелі мейіргерлерді оқыту АҚШ-та 1960 жылдары басталды және қазіргі таңда рөлі Ұлыбритания мен Голландия сияқты шамамен 24 елде жүзеге асырылды [14,15].

Финляндияда APN рөлін енгізу процесі 2004 жылы мейіргер ісіндегі неғұрлым жетілдірілген клиникалық рөлдерге қажетті мамандарды зерттеуден басталды [16]. Осы зерттеудің нәтижелері бойынша APN екіншілікті және үшіншілікті профилактикада, созылмалы аурулары бар науқастарды емдеуде, ең алдымен егде жастағы адамдарға күтім жасауда қажет екендігі анықталды. APN рөлін дамытудың келесі қадамы 2005 жылы магистратура деңгейінде оқу бағдарламасын ашу болды [17]. 2006 жылы халықаралық мейіргерлер кеңесінің (ICN) ұсыныстарын орындайтын алғашқы APN магистрлік бағдарламасы енгізілді [18].

Озық тәжірибелі мейіргерлер білім деңгейі, сертификаттары мен квалификацияларының арттыруы талаптарға сай болуы керек. Тәжірибе стандарттарын кәсіби мейіргер ұйымдары белгілейді және бақыланады. Мейіргерлер науқастың ең жақсы нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында дәрігерлермен және басқа денсаулық сақтау мамандарымен бірлесіп жұмыс жасайды [20].

Озық тәжірибелі мейіргер маманы болу үшін кемінде магистрлік дәрежесі болуы шарт. Магистрлік оқыту бағдарламалары бүгінгі таңда АҚШ және Канада, сонымен қатар біршама Еуропа елдерінде кеңінен таралуда. Соның бірі - Або Академиясының (Вааса қ., Финляндия) магистрлік оқыту бағдарламасы.

Або Академиясының озық тәжірибелі мейіргерлерді дайындау магистратура бағдарламасы мейіргерлер үшін озық клиникалық құзыреттіліктерді ұсынады. Бұл екі жылдық 120 ECTS бағдарламасы халықаралық мейіргерлер кеңесінің ұсыныстарына сәйкес келеді. Оқытудың жалпы нәтижесі – озық тәжірибелері бар мейіргерлер ретінде жұмыс істеу үшін жетілдірілген клиникалық құзыреттіліктерге, сондай-ақ жедел аурулары бар ересектер мен қарттарға және күрделі және ұзақ мерзімді аурулары бар науқастарға күтім жасау дағдыларына ие болады. Осы бағдарламаны аяқтағаннан кейін мейіргер,

Қорытынды

Қорытындылай келе APN бағдарламасының Финляндиядағы дамуы 2005 жылдан бастау алады. Оның дамып, өркендеуіне, оқыту жүйесіне қосылуына профессор Лисбет Фагерстромның қосқан үлесі зор. Бүгінгі таңда мейіргерлерді APN оқыту магистрлік программасы кең етек алып, қарқынды даму үстінде. Бұл карьералық, сондай ақ өзіндік профессионалды дамуға үлкен мүмкіндік.

Мейіргер саласында ғылыми жұмыстардың, сапалы дәлелді мейіргерлік зерттеулердің көбеюінде, мейіргерлердің кәсіби дағдыларының шыңдалуында және медициналық көмек көрсету барысында жеке автономды шешім қабылдап жұмыс атқаруда маңызы зор.

жетілдірілген клиникалық рөлдерде өз бетінше кең салаларда тәжірибе жасай алады. Сонымен қатар түлек жеке тұлғаларға, отбасыларға және қауымдастықтарға тікелей медициналық қызмет көрсете алады, денсаулық сақтау саласында және ғылыми негізделген дамуға ықпал етеді. Аяқталған зерттеулеріне сай медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін беріледі. Оқуды тәмамдағаннан кейін Финляндияның жоғары оқу орындарындағы басқа да докторантура бағдарламаларына өтініш беруге құқылы болады [21].

Алдағы уақытта APN мейіргерлердің маңызы мен рөлі артып, бүкіл әлемдік деңгейде нақтыланған жеке мамандық иесі ретінде қарастырылады деген сенімдеміз.

Мүдделер шиеленісі. Авторлар мүдделер шиеленісі жоқ деп мәлімдейді.

Алғысөз. Авторлар Қазақстанда мейіргер ісінің дамуына үлес қосып, мейіргер мамандығының магистранттары мен докторанттарының, сонымен қатар оқытушылар ұжымын шетелдік серіктестерден білім және тәжірибе жинауға мүмкіндік берген «AccelEd» жобасы мен Або академиясының ұжымына алғысын білдіреді.

Әдебиеттер

1. Nolte E., Knai C. *Assessing chronic disease management in European health systems. Country Reports. 2015; 37(1):1-7.* [Crossref]
2. Maier CB, Aiken LH, Busse R. *Nurses in advanced roles in primary care: policy levers to implementation. OECD Health Working Paper Paris. 2017;98: 13-43.* [Crossref]
3. Naylor M.D., Kurtzman E.T. *The role of nurse practitioners in reinventing primary care. Health Affair. 2010; 29(5): 893-899.* [Crossref]
4. Hirshon J.M., Risko N., Calvello E.J., Ramirez S.S.D., et al. *Системы и службы здравоохранения: роль неотложной помощи. Всемирный орган здравоохранения Быка. 2013; 91 : 386-388.* [Crossref]
5. Woo B.F.Y., Lee J.X.Y., Tam W.W.S. *The impact of the advanced practice nursing role on quality of care, clinical outcomes, patient satisfaction, and cost in the emergency and critical care settings: a systematic review. Hum Resour Health. 2017; 11;15(1): 63.* [Crossref]
6. Schull M.J., Guttman A., Leaver C.A., Vermeulen M., et al. *Prioritizing performance measurement for emergency department care: consensus on evidence-based quality of care indicators. CJEM. 2011;13(5):300-309.* [Crossref]
7. Jennings N., O'Reilly G., Lee G., Cameron P., et al. *Evaluating outcomes of the emergency nurse practitioner role in a major urban emergency department, Melbourne, Australia. J Clin Nurs. 2008;17(8):1044-1050.* [Crossref]
8. Steiner I.P., Nichols D.N., Blitz S., Tapper L., et al. *Impact of a nurse practitioner on patient care in a Canadian emergency department. CJEM. 2009;11(3):207-214.* [Crossref]
9. Colligan M., Collins C., Foley B., Jones P., et al. *Emergency nurse practitioners: do they provide an effective service in managing minor injuries, compared to emergency medicine registrars? N Z Med J. 2011;124(1344):74-80.* [Google Scholar]
10. International Council of Nurses. *Nurse Practitioner / Advanced Practice Network: Definitions and Characteristics of the Role.* Accessed 12 Dec 2018. [Crossref]
11. Bryant-Lukosius D., Spichiger E., Martin J., Stoll H., et al. *Framework for evaluating the impact of advanced practice nursing roles. J Nurs Scholarship. 2016; 48(2):201-209.* [Crossref]
12. Fagerström L. *Developing the scope of practice and education for advanced practice nurses in Finland.* [Crossref]
13. Canadian Nurses Association. *Advanced nursing practice. A national framework. Canadian Nurses Association, Ottawa, ON, 2008. Electronic resource. [Accessed 22 May 2023]. Available from URL: https://www.cna-aic.ca/-/media/cna/page-content/pdf-fr/anp_national_framework_e.pdf.*
14. Harrocks S., Anderson E., Salisbury C. *Systematic review of whether nurse practitioners working in primary care can provide equality care to doctors. BMJ 2002; 324: 819- 823.* [Crossref]
15. Schober M., Affara F.A. *International Council of Nurses. Advanced Nursing Practice. 2006, Blackwell Publishing, Oxford. Electronic resource. [Accessed 22 May 2023]. Available from URL: https://ds.amu.edu.et/xmlui/bitstream/handle/123456789/8341/%5BMadrean_Schober%2C_Fadwa_Affara%5D_International_Coun%28BookFi%29.pdf?sequence=1&isAllowed=y*
16. Nieminen A. L., Mannevaara B., Fagerström L. *Advanced practice nurses' scope of practice: a qualitative study of advanced clinical competencies. Scandinavian journal of caring sciences, 2011; 25(4): 661-670.* [Crossref]
17. Fagerström L. *Developing the scope of practice and education for advanced practice nurses in Finland. Int Nurs Rev 2009; 56: 269-272.* [Crossref]

18. Nieminen A.L., Mannevaara B., Fagerström L. Advanced practice nurses' scope of practice: a qualitative study of advanced clinical competencies. *Scandinavian journal of caring sciences*, 2011; 25(4): 661-670. [[Crossref](#)]
19. Schober M., Lehwaldt D., Rogers M., Steinke M., et al. Guidelines on advanced practice nursing. *Madrean Schober, Stewar International council of nurses Guidelines on Advanced Practice Nursing*, 2020. Electronic resource. [Accessed 22 May 2023]. Available from URL: https://www.icn.ch/system/files/documents/2020-04/ICN_APN%20Report_EN_WEB.pdf
20. Safriet B. J. Health care dollars and regulatory sense: The role of advanced practice nursing. *Yale J. on Reg*, 1992; 9: 417. [[Google Scholar](#)]
21. Åbo Akademi University. *Masters_Degree_Programme_in_practice_advanced_nursing*, 2020. Electronic resource. [Accessed 22 May 2023]. Available from URL: https://www.abo.fi/wp-content/uploads/2020/09/Masters_Degree_Programme_in_practice_advanced_nursing.pdf

Обучение медицинских сестер передовой практики

[Нағашыбек Г.](#)¹, [Жунусова Д.К.](#)², [Дербисалина Г.А.](#)³

¹ Магистр сестринского дела, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан.

E-mail: nagashevbek@gmail.com

² Доцент кафедры общей врачебной практики с курсом доказательной медицины, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан. E-mail: dinarazhunossova@mail.ru

³ Заведующая кафедрой общей врачебной практики с курсом доказательной медицины, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан. E-mail: derbissalina@gmail.com

Резюме

На сегодняшний день магистерская программа подготовки медицинских сестер APN находится на этапе активного развития и является прекрасной возможностью для карьерного и личного профессионального развития специалиста сестринского дела.

Программа APN будет способствовать увеличению количества проводимых специалистами сестринского дела качественных доказательных сестринских исследований, а также укреплению профессиональных навыков принятия индивидуальных самостоятельных решений в процессе оказания медицинской помощи.

В данной статье рассматривается роль и значение медицинских сестер передовой практики, которые сегодня стремительно развиваются, в целях расширения автономии медицинских сестер, а также повышения уровня и качества оказания медицинской помощи.

Ключевые слова: медицинская сестра передовой практики, первичная медико-санитарная помощь, обучение.

Nursing Education for Advanced Practice Nursing

[Nagashybek G.](#)¹, [Zhunussova D.K.](#)², [Derbissalina G.A.](#)³

¹ Master of Nursing, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan. E-mail: nagashevbek@gmail.com

² Associate Professor of the Department of General Practice with the course of evidence-based medicine, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan. E-mail: dinarazhunossova@mail.ru

³ Head of the Department of General Practice with a course of evidence-based medicine, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan. E-mail: derbissalina@gmail.com

Abstract

Today, the APN master's program for training nurses is at a stage of active development and is an excellent opportunity for career and personal professional development of a nursing specialist.

The APN program will help increase the number of quality, evidence-based nursing research conducted by nursing professionals, as well as strengthen professional skills in making individual independent decisions in the care process.

This article discusses the role and importance of advanced nurses, who are rapidly developing today, in order to expand the autonomy of nurses, as well as improve the level of nurses and the quality of medical care.

Keywords: advanced practice nurse, primary health care, education.